

There are no translations available.



Бектурганов Базарбек Бектенұлы 1956 жылы туылған, казак. 1978 жылы Алматы зооветеринариялық институтының «Зооинженерия» мамандығы бойынша бітірген. 1978-1980 жылдары аралығында Жамбыл облысы Красногор совхоз-техникумында оқытушы; 1980-1997 жылдар аралығында Казак Ұлттық Ғылым Академиясының «Зоология» ғылыми зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер; 1998-2002 жылдар аралығында Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Университетінің «Зоология» кафедрасында доцент қызметінде; 2002-2004 жылдар аралығында М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінің «Биология» кафедрасының менгерушісі; 2004-2006 жылдар аралығында Жамбыл облыстық педагог кадрларының қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтында кафедра менгерушісі қызметін атқарды.; 2006 жылдан бастап А.Ясауи атындағы ХКТУ Тараз институтының «Биология» кафедрасында менгерушісі; 2011 жылдан бастап Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде «Биология және география» кафедрасының менгерушісі қызметінде.

Қорғау орны, жылы Алматы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы «Зоология» ғылыми зерттеу институты, 1991 жыл.

Мамандығы: Гельминтология

Диссертация тақырыбы: «Мермитидозы личинок кровососущих двухкрылых и хирономид юго-востока Казахстана».

Негізгі ғылыми еңбектері туралы қысқаша мәлімет:

Диссертация тақырыбы бойынша қорғауға дейін жұмыс жарияланды:

1. «Изучение жизненного цикла мермитиды *Mesomermis odeschti* gavfurov, 1979» (Изв. АН. Каз. ССР, Сер.биол., 1986, № 6);

2. «Роль мермитиды в снижении численности кровососущих мошек на юго-востоке Казахстана» (Материалы Всесоюзн.конф. по паразитологии «Возбудители и переносчики паразитов и меры борьбы с ними», Ташкент, ФАН, 1988;

3. «Новые виды мермитид (*Nematoda*. *Mermithida*) мошек (*Simuliidae*) юго-востока Казахстана» (Изв.Ан КазССР, Сер.биол., 1989.) № 4.

4. «Обнаружение мермитиды *Hydromermis contorta* (Linlstow. 1889)- паразита личинок хирономид на юго- востоке Казахстана» (Изв.Ан Каз ССР. Сер. биол., 1989) № 6.

5. «Новый род мермитид *Simulimermis* gen.n (*Nematoda*, *Mermithida*) из мошек (*Simuliidae*)» Изв. Ан Каз. ССР, Сер.биол., 1991,) № 1.

6. «Новые виды мермитид родов *Mesomermis* и *Gastromermis* из личинок мошек юго-востока Казахстана» (Изв. Ан Каз. ССР, Сер.биол., 1990) № 6.

7. «Распространение мермитид кровососущих мошек на юго - востоке Казахстана» деп., 1991, № 6, 236.

Барлық жарияланған мақалаларының саны 60-тан астам.

Ғылыми жаныяықтары: ғылымға мермитидтердің бір жана туысын, 14 жана түрін аныктаған.

2007 жылдан облыстық оқушылар арасында өткен ғылыми жарыста әділ қазылар алқасының мүшесі және 2008 жылғы оқушылар арасында өткен ғылыми жарыста әділ қазылар алқасының төрағасы және 2008-2009 жылдарда өткен I, II президенттік олимпиадаларының облыстық кезеңінде әділ қазылар алқасының төрағасы болып Жамбыл облысының білім бақармасында бекітілген.

Сонымен қатар Б.Б.Бектурганов мектеп білімгерлеріне пәндік ғылыми жарыстарына жетекшілік жасайды. 2008 жылы биология пәнінен өткізілген оқушылардың облыстық ғылыми жарысына қатынас Тараз қаласының № 43 орта мектебінің 11 «А» сынып оқушысы Омартегі Меруерт жүлделі II-орын алған.

Қазіргі кезде зор инновациялық потенциалы бар жұмыстар қатарындағы сортан жерлерде галофитті өсімдіктерді интродукциялау мақсатында ғылыми зерттеу және тәжірибелік жұмыстарын жүргізуде. Оның негізгі жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмысының бағыты ақ жүгерінің түрлерін сорттарын Қазақстанның оңтүстік аудандарының суы тапшыл сортан жерлерде өсіру технологиясын жасау және Жамбыл облысында жергілікті жабайы жеміс жидек және жүзім түрлерінің популяциясын зерттеу сияқты бүгінгі күннің өзекті деп танылатын мәселелері қамтылған. Осы ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша институт ғалымдары менен бірлесе отырып «Топырақ тұздылығына төзімді өсімдіктер (галофиттер), жеміс жидек және әсемдік ағаштарын Жамбыл облысының құрғақшылық аймағында интродукциялау» тақырыбы бойынша ауыл шаруашылығы Министрлігі жариялаған конкурс жеңімпазы болып, осы жоба бойынша ғылыми жетекшілік атқарады; және де Жамбыл облысы «Табиғатты қорғау» 008 бағдарламасы бойынша «Жамбыл облысының бекітілмеген маньзы бар су айдындарында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу» бойынша конкурс жобасын жеңіп осы тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Б.Б.Бектурганов өзінің жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін әр түрлі Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жариялап тұрады. Ол барлығы 60-тан аса ғылыми мақалапардың авторы, сонғы үш жылда жарияланған мақалалары 30-ға тартады. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі бекіткен ҚР

Жоғары оқу орындарының қауымдастығының шығаруымен биология мамандықтарына арналған «Таксидермия» оқулығы 2011 жылы жарық көрген.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 30.09.2005 жылы № 658 бұйрығына сәйкес Білім және Ғылым министрлігі жариялаған «Үздік оқытушы» мемлекеттік грантына қатысу үшін А. Ясауи атындағы ХҚТУ Тараз институты «Биология және география» кафедрасының меңгерушісі б.ғ.к. Б.Б.Бектургановты осы ұжымның ректораты мен ғылыми кеңес мүшелері бір ауыздан қолдап ұсынылған.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің жарияланған «Үздік оқытушы» конкурсының 2009 жылғы грант иегері.

А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры (2011 жыл).

Аймақтық Менеджмент Академиясының корреспондент-мүшесі (2012 жыл).